

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Спорт факультеті

Оқу-әдістемелік комитеті мәжілісінің
№5 хаттамасы

Түркістан қаласы

20.01.2026 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы Е.Сейдахметов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Р.Нарықбай, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары С.Мамбеталиев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Асанов, Педагогикалық бағыт бойынша комитет төрағасы Т.Кулманбетов, «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының оқу-әдістемелік ісіне жауапты оқытушы-магистр Б.Баєтов, «Дене мәдениеті» кафедрасының оқу-әдістемелік ісіне жауапты оқытушы-магистр А.Тасболат.

Күн тәртібінде

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну.
2. ББ 2025-2026 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау.
3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну.
Оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Асанов сөз алып, 2025-2026 оқу жылының І жарты жылдығы бойынша кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарының есебін мәлімдеп, ОӘК мүшелеріне талқылауға ұсынды. Яғни, ОПҚ дайындаған 2025-2026 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының сандық жоспарының орындалуы, ОПҚ өзара сабаққа қатысу, оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының сандық жоспарының орындалуы, ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдардың талаптарға сәйкестігі жөнінде, факультет оқытушыларының біліктілік көтеруі және өткізілген ақылдасу сабақтардың есебі туралы мәлімдеп, оқу жұмыстарын жетілдіру шараларын талқылауға ұсынды.

Шешім: 2025-2026 оқу жылының І жарты жылдығы бойынша кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарының есебі бекітуге ұсынылсын және оқу жұмыстарын жетілдіру шаралары назарға алынсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

2. ББ 2025-2026 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау.

2025–2026 оқу жылында еліміздегі білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингіне қатысу нәтижелері спорт факультетіне қарасты білім беру бағдарламаларының қазіргі жағдайын жан-жақты талдауға және алдағы даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, «B004 – Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» (6B01404) және «B005 – Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» (6B01405) білім беру бағдарламалары бойынша қол жеткізілген көрсеткіштер сапа, жетістік,

институционалдық даму және түлектердің мансаптық перспективалары тұрғысынан сарапталды.

«В004 – Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы 2026 жылғы рейтинг нәтижесі бойынша 15 бағдарламаның ішінде 7-орынды иеленді. Бағдарламаның ең жоғары көрсеткіші білім беру бағдарламаларының сапа индикаторлары бойынша (0,90) тіркеліп, бұл оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мен кадрлық әлеуеттің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді. Сонымен қатар түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі 78%, ал жұмыс іздеу ұзақтығының орташа көрсеткіші 3,33 айды құрады. Дегенмен, алдыңғы қатардағы университеттермен салыстырғанда түлектердің мансаптық перспективалары мен бағдарламалық жетістіктер көрсеткіштері бойынша өсім әлеуеті бар екені анықталды.

«В005 – Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша 2026 жылы қорытынды балл 2,68 болып, 37 бағдарламаның ішінде 27-орынға тұрақтады. 2025 жылмен салыстырғанда түлектердің мансаптық перспективалары айтарлықтай жақсарып (1,31-ден 1,72-ге дейін), жұмыспен қамтылу деңгейі 54%-дан 81%-ға өсті. Бұл көрсеткіштер бағдарламаның еңбек нарығымен байланысы нығайғанын көрсетеді. Алайда білім беру бағдарламасының жетістіктері мен сапа көрсеткіштері алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындарымен салыстырғанда төмен деңгейде қалып отыр. Жалпы алғанда, рейтинг нәтижелерін талдау спорт факультетіне қарасты білім беру бағдарламаларын одан әрі дамытуға нақты бағдар берді. 2025–2026 оқу жылында:

- білім беру бағдарламаларының академиялық және практикалық мазмұнын жетілдіру;
- түлектердің мансаптық мүмкіндіктерін арттыру мақсатында жұмыс берушілермен байланысты күшейту;
- білім беру бағдарламаларының жетістіктерін (ғылыми, әдістемелік, спорттық) рейтинг талаптарына сәйкес жүйелі түрде арттыру;
- алдыңғы қатарлы университеттердің тәжірибесін енгізу сияқты бағыттар негізгі басымдық ретінде жоспарлануда.

Жоспарланған іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру арқылы спорт факультеті білім беру сапасын арттырып, алдағы оқу жылдарындағы ұлттық рейтингтерде анағұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізуге нақты мүмкіндік алады.

Шешім: ББ 2025-2026 оқу жылында еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісінің нәтижелерін ескере отырып, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жопарлау назарға алынсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау.

Емтихан қабылдаудың 2 түрі қарастырылды (факультетте 48 пәннен екі этапты емтихан өтті). Емтихандарды қабылдау нысандары факультет кеңесінің шешімі негізінде 02.09.2025 ж. №1 Оқу-әдістемелік комитетте бекітілді.

2025-2026 оқу жылына белгіленген академиялық күнтізбеге сәйкес I, II, III, IV курс білім алушыларымен қысқы аралық аттестаттау 15.12.2025-03.01.2026 жж. аралығында өткізілді. Қорытынды бақылаудан I-апта, (емтихан) «FX» бағасын алған білім алушылар қайта 2026 жылда 05 - 10 қаңтар аралығында тапсырды.

	Барлығы пән саны	Тәжірибелік емтихандар	Жазбаша емтихандар
Факультет бойынша:	48	22	26
Дене мәдениеті кафедрасы	27	13	14
Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасы	21	9	12

Шешім:

3.1 2025-2026 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері бойынша атқарылған жұмыстар назарға алынсын;

3.2 2025-2026 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері кафедра, әр профессор-оқытушы деңгейінде талқыланып, Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкестігіне талдау жасалынсын, бағалау саясатына сараптама жүргізілсін (мерзімі 06.02.2026ж. күнге дейін) (Жауапты: кафедра меңгерушілері);

3.3 Емтихан түрлері бойынша кафедраларда аралық бақылау, емтихан бағалары талданып, кафедраларда сапаны қамтамасыз ету комиссиясында қарастырылып, хаттамалары сайтқа жариялансын (мерзімі 13.02.2026ж. күнге дейін) (Жауапты: кафедра меңгерушілері);

3.4 Емтихан түрлері бойынша бағалау медианасына сәйкестігі жекелей талданып, емтихан түрлері бойынша ұсыныстар дайындалсын (мерзімі 17.02.2026ж. күнге дейін) (Жауапты: кафедра меңгерушілері);

3.5 Академиялық адалдықты бұзу әрекеттерінің саны артқанын ескере отырып барлық курс студенттерімен факультет, курс деңгейінде кездесулер ұйымдастырылып, ақпараттармен бөлісіп, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін және УЕ-ХҚТУ-027-2024 университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі білім алушылардың назарына қайта жеткізілсін. (Орындалу мерзімі 23.02.2026 ж. дейін) (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

4. Әр түрлі мәселелер.

4.1. 2025-2026 оқу жылында 2-семестрінде өтілетін ашық (ақылдасу сабақтары, мастер кластар) сабақтарының кестесін, әдістемелік семинарлардың кестесін, ақылдасу сабақтарының сарапшылары тізімін бекітуге ұсыну.

**2025-2026 оқу жылындағы II семестрде өтілетін
ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар жоспары**

№	Кафедрасы	Оқушылардың аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Жоспарланған уақыты /күні	Аудитория
1	Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасы	Мамбеталиев Серибай Тортаевич	Әскери психология мен педагогика	Жеке құрамның психологиялық даярлығына қойылатын тадаптар және әскери қызметшілердің әскери қызметке бейімделу проблемалары	24.02.2026	209
2		Ахмедов Бахытжан Асильбекович	Дене шынықтыру	Волейбол допты төменнен және жоғарыдан ойынға қосу	11.03.2026	Ашық алаң
3		Дуйсенов Калдыбек Кынабаевич	Дене шынықтыру	Жеңіл атлетика. 100 метрге жүгірудің жалпы және арнайы әдіс-тәсілдерін жетілдіру	13.04.2026	Ашық алаң
4		Рахымжанов Алпамыс Орынтайевич	Дене шынықтыру	Граната лақтыру ұл 750 гр, қыз 500гр	04.05.2026	Ашық алаң
1	Дене мәдениеті кафедрасы	Абуов Ербол Мажитович	Дене шынықтыру	Дене шынықтырудың негізгі әдістері мен тәсілдері	24.02.2026	Спорт алаңы
2		Тульбасиев Нартай Жуманович	Гимнастика II	Гимнастикадағы негізгі элементтерді орындау әдістемесі	20.03.2026	Гимнастика залы
3		Тасболат Арайлым Жанболатқызы	Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі II	Дене тәрбиесі мен спорттық дайындықтағы инновациялық әдістер	09.04.2026	202

4		Кулманбетов Турехан Халхайдарович	Жеңіл атлетика	Жеңіл атлетика элементтері: дұрыс жүгіріс техникасы	16.03.2026	Гимнас тика залы
5		Фазилов Абдиманап Абдукаликович	Дене шынықтыру	Қозғалыс белсенділігі- салауатты өмір салтының негізі	13.02.2026	Спорт алаңы

Кафедра тарапынан ұсынылған 2025-2026 оқу жылына қарасты 2-семестрінде өтілетін ашық (ақылдасу сабақтары, мастер кластар), әдістемелік семинарлардың кестесі бекітілсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері, ОӘК төрағасы).

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



А.Асанов